ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

05 маусым 2024 жыл №7527-24-00-2/5467 іс Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М. Тұрғұнбаев,
сот отырысының хатшысы Ш.С. Ахметованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша, бейне-видеоконференц желісі арқылы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
«ПК Дубровка Татьяна Владимировна» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Керімбеков М.
Талапкердің өкілі Хамитов Р.А.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

19.02.2024 жылы №11648605-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде №№64293623-ЗЦП1, 64293521-ЗЦП1, 64293191-ЗЦП1, 64294058-ЗЦП1 лоттарының жеңімпазы жеке кәсіпкер «ПК» Дубровко Татьяна Владимировна танылды. Осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы 22.02.2024 жылы «Алматы жылу жүйесі» ЖШС және Өнім беруші арасында №24Д0114Т шарт жасалды.

Шарттың талаптарына сәйкес «Сорғыға арналған мамандандырылған мойынтірек» келесі тауарлар жалпы 153 334,95 теңге сомасына тапсырыс берушінің мекен-жайы бойынша жеткізірілуі тиіс:

1. № 64293623-ЗЦП1 - Подшипник, NU 317 ECNU 317 ECJ – 1 дана;
2. № 64293521-ЗЦП1 - Подшипник,7316 – 1 дана;

3. № 64293191-ЗЦП1 - Подшипник,32318(NU318) – 2 дана;

4. № 64294058-ЗЦП1 - Подшипник, NU 2218ECM – 1 дана;

Шарттың техникалық ерекшелігіне сәйкес, тауарды жеткізу Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу веб-порталы (goszakup.gov.kz) арқылы немесе көрсетілген электрондық пошта E- mail арқылы (тауар үлгісін алдын ала келісе отырып) электрондық өтініш жіберген күннен бастап 17 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады. 19.03.2024 жылы Тапсырыс беруші веб-портал арқылы Өнім берушіге техникалық ерекшеліктеріне сәйкес толық көлемде тауарды жеткізуге өтінім жіберді, осыған орай Өнім беруші тауарды 05.04.2024 жылға дейін жеткізуге тиіс болған.

Алайда, бүгінгі күнге дейін Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған. Осы арқылы Жауапкер өзінің шарт бойынша көзделген міндеттемелерін бұзып отыр.

Талап қоюшы жоғарыда аталған талап арызбен сотқа жүгініп, жауапкер шарт бойынша міндеттемесін тиісті түрде орындамағанын көрсетіп, 4 131 теңге тұрақсыздық айыбын есептеген.

Жауапкерден жазбаша қарсы пікір сотқа түспеді.

Талап қоюшының өкілі сот отырысында талап арызын қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер белгісіз себептермен келген жоқ. Сот отырысының өткізілетін уақыты, орны және мерзімі туралы сотқа шақыру қағазымен және SMS байланысымен тиісті түрде хабарландырылған жауапкер сот отырысына келмей қалудың дәлелді себептерін келтірмеді және істі өзі жоқта қарау туралы өтініш жазбады. Іс АПК-нің 196 бабы 4 бөлігінің талабына сай қаралды.

Іске қатысушы прокурор талап қоюшының арызын қолдап қанағаттандыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ЗРК Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, тапсырыс беруші өздеріне әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей,

Құжатқа қол қойылған: Тұргунбаев А. М., 12.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 17.07.2024, судья Тұргунбаев А. М., 19.07.2024
7527-24-3-1/6173

сотқа осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Шарттың талаптарына сәйкес Жауапкер бүгінгі 2024 жылдың 05 сәуіріндегі жағдай бойынша Жауапкердің тарапынан ешқандай тауар жеткізілген жоқ. Осы арқылы Жауапкер өзінің шарт бойынша көзделген міндеттемелерін бұзып отыр.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272 бабы бойынша, міндеттеме міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Сондықтан талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған бөлігіндегі талабы қанағаттандырылсын.

№ 2 талап бойынша.

АК-нің 298 бабына сәйкес, міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады (осы Кодекстің 359 бабы).

Аталған келісім шарттың 7.3 тармақшасына сәйкес, өнім беруші тауарды жеткізуден бас тартқан немесе шарт бойынша тауарды жеткізу мерзімі аяқталған күннен бастап бір айдан астам мерзімге тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, бірақ шарттың қолданылу мерзімі аяқталған мерзімнен кешіктірмей, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

Талап қоюшының есебіне сәйкес, әр күнге 0,1 % күнге есептелген айыппұлдың көлемі 4 131 тенге, тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10 пайызынан аспайды.

Аталған себептерде және жауапкердің келісім шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін 4 131 тенге құрайтын тұрақсыздық айыппұл талап қоюшының пайдасына өндірілуге жатады.

Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 109 бабына сәйкес, жауапкерден талап қоюшының пайдасына 124 теңге мемлекеттік баж өндірілуі тиіс.

Сонымен қатар, АПК 117-бабына сәйкес, 1 846 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж жауапкерден мемлекет пайдасына өндірілуі тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Тургунбаев А. М., 12.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 17.07.2024, судья Тургунбаев А. М., 19.07.2024
7527-24-3-1/6173

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер «ПК Дубровка Татьяна Владимировна» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұлды өндіріп алу туралы талап арызы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ПК Дубровка Татьяна Владимировна» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды.

Жауапкер «ПК Дубровка Татьяна Владимировна» жеке кәсіпкерінен талап қоюшы «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі пайдасына 4 131 (төрт мың жүз отыз бір) теңге тұрақсыздық айыбы және 124 (жүз жиырма төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «ПК Дубровка Татьяна Владимировна» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы қалалық сотына, ҚР АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.М. Тұрғұнбаев**

Құжатқа қол қойылған: Тургунбаев А. М., 12.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.07.2024, судья Тургунбаев А. М., 19.07.2024